

**Қазақ ССР Космостық зерттеулер агенттігін Қазақстан Республикасының
Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық
аэроғарыш агенттігі етіп қайта құру туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 25 ақпандағы N 1118. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

"Байқоңыр" ғарыш айлағын республика мүддесі үшін пайдалану, аэроғарыш қызметі саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша Қазақстан мен басқа мемлекеттер ұйымдарының өзара іс-қимылы, сондай-ақ ғарыш кеңістігін пайдалану мен зерттеу жөніндегі Мемлекетаралық бағдарламаларға Қазақстан Республикасының қатысуы мәселелерін жедел шешу мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақ ССР Космостық зерттеулер агенттігін құру туралы" 1991 жылғы 11 қыркүйектегі N 441 Жарлығымен құрылған Қазақ ССР-нің Космостық зерттеулер агенттігі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігіне:

аэроғарыш қызметі және "Байқоңыр" ғарыш айлағы мен ғарыш инфрақұрылымының басқа да объектілерінің ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуетін халық шаруашылығының, хауіпсіздік пен халықаралық ынтымақтастық мүддесіне тиімді пайдалану саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

ғарыш кеңістігін зерттеу мен пайдалану саласында басқа мемлекеттердің мемлекеттік басқару органдарымен, бірлестіктерімен, кәсіпорындарымен және ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы ережені бекітсін;

осы Жарлықты орындау жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын;

бұрын қабылданған актілерді осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

Президенті

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК